

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай балабақша
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
«.....» «.....» 2021 жыл



"Балалар бақытты болсын"

Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық тренинг бағдарламасы



Балабақша психологі: Р.Ходжакулова

Ата-аналарға арналған “Балалар бақытты болсын” ойын –тренингі.

Мақсаты: ата-аналарды біріктіру

Міндеті: -жағымды қарым-қатынас жасауға, түсінісуге жағдай жасау;

-топтық ынтымақтастықты нығайту;

-эмоциялық босансыту;

-эмоциялық жағдайды жақсарту.

Құрал-жабдықтар:

- доп

- ақ қағаздар әуіс

- қалам, қарындаштар,

- “топ жүрегі” макет т.б

- әсем әуендер жинағы

Тренинг барысы:

Әлеуметтік педагог: Қайырлы күн, құрметті ата-аналар. Тренингке келгендеріңізге көп рахмет. Бәріміз осылай кездесіп, демалып, ойнап, бір-бірімізбен жақынырақ танысып, жақындасамыз деген үміттемін.

№1 жаттығу. “Сәлемдесеміз”. Ата-аналар еркін жүріп алдына келген адаммен арнайы қимылмен сәлемдеседі. Сөйлесуге болмайды.

Әлеуметтік педагог: 1. Қол алысып сәлемдесеміз

2. Басымызды түйістіріп сәлемдесеміз

3. Иықтарымызды тигізіп сәлемдесеміз

4. Арқа тақап сәлемдесеміз

5. Беттерімізді тақап сәлемдесеміз т.б .

№2 жаттығу. “Жақсы тілек”.

Ата- аналар дөңгеленіп отырады. Педагог қолында доп.

Әлеуметтік педагог: Бір-бірімізге қысқа бір сөзбен доп лақтырып қалаған адамға тілек айтамыз.

Тілек бәріне айтылуы тиіс.

Мысалы: Денсаулық, шаттық, дәулет, қуаныш, амандық, бақыт, т.б

№3 жаттығу. “Мен сен сияқтымын”.

Әлеуметтік педагог: Өз қалаған адамына допты лақтырып есімін айтып неге оған ұқсайтынын түсіндіріп айтады.

Мысалы: Алия, мен де сен сияқты орта бойлымын.

Алия, менің шашым қысқа сенікі сияқты

Алия, мен де сен сияқты екі (үш) бала тәрбиелеп отырмын.

№4 жаттығу.»Көңіл-күй».

Әлеуметтік педагог: Мәтінді түрлі көңіл-күймен оқып беру

Бала,бала, балақан,

Қане, қайсы алақан.

Саусақтарын әйбат,

Былай, былай ойнат.

Топ, топ, топ басайық,

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса алтын күн

Жаса, жаса жарқын күн!

1. Көңілсіз күймен оқу

2. Ашулы көңіл-күймен оқу

3. Терең ойға шомылған көңіл-күймен оқу

4. Үрейлі көңіл-күймен оқу

5. Көңілді көңіл-күймен оқу

№5 жаттығу. “Жұмсақ қол”. Әлеуметтік педагог: Көздері орамалмен байланған ата-аналар жәймен жүріп бір-бірінің қолдарын ұстап өзіне жұмсақ көрінген қолды таңдап алады.

Жаттығу соңында әңгімелесу:

-қол кімдікі деп ойладыңыз?

-жұмсақ қолды табуға қалай әрекет жасадыңыз?

-№6 жаттығу. “Күтпеген суреттер”.

Әлеуметтік педагог: Дөңгеленіп отырып қағаз бетіне 1-2мин уақытында сурет сала бастайсындар, менің белгіммен салуды тоқтатып, сол жақтағы адамға қағаздарыңызды беріп, ал сізге берілген ақ қағаздағы суретті жалғастырып саласыз. Соңында әркімнің суреті өзіне қайтып келеді.

- Қандай сурет бастап едіңіз,соңында қандай сурет шықты?

Видео тамашалау.

№7 жаттығу.» Түрлі бишілер».

Әлеуметтік педагог: Бір әуенге түрлі кейіпте би билейміз.

-тұйық, сабырлы адамның биі

-жасқаншақ, ұялшақ адамның биі

-батыл, өзіне сенімді адамның биі

-өте көңілді, ашық адамның биі

-жақсы дос, көпшіл адамның биі

№8 жаттығу.»Бақытты сәт».

Әлеуметтік педагог: Балаңыздың немесе жанұяңыздың фотосын өз фантазияңыз бойынша безендіріп рамка жасау.

№9 жаттығу. “Гүл жапырақтары”.

Әлеуметтік педагог: Алты жапырақты гүлге 6 сұраққа жауап береміз.

Сұрақтар: 1. Маған ұнамайтын 3 нәрсе

2. Маған ұнайтын 3 нәрсе

3. Мен қызығатын адам

4. Мен сол жерде тұрғым келеді

5. Мен істегім келетін іс (шаруа, әрекет)

6. Мен мақтанамын....

Менің сүйікті әнім. Ата-аналар бірге ән салады.

№10 жаттығу. “Топ жүрегі”.

Әлеуметтік педагог: Әр ұжымның, топтың жүрегі бар.

Қазір біз бір-бірімізге жақсылық сыйлаймыз. Мына кішкене жүрекке әркім өз есімін жазады, ортаға тастайды. Араластырған кішкене жүректі алып жақсы тілек айтып, үлкен жүрекке желімдейміз.

Өз пікірін, ойын, тілегін ортаға жеткізу.

Сұрақтар:

-Бүгінгі күн ұнады ма?

-Қандай көңіл күйдесіз?

-Тілегіңіз бар ма?

Әлеуметтік педагог: Сіздерге үлкен рахмет!

Хош сау болыңыз!